

Айдар АБУОВ  
(Түркістан)

## "ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ" ТҮРКІТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*В статье анализируются проблемы современной тюркологии, которые отражены в книге Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева "На волнах истории".*

*Makalede, Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Nursultan Abişuli Nazarbayev'in "Tarihin Dalgaları Arasında" adlı kitabında yer alan bugünkü Türkolojinin önemli meseleleri konusu etraflıca tahlil edilmektedir.*

Еліміздің егемендігін паш еткен ХХ ғасырдың соңғы онжылдығы тарихымызда ғасырлардың жүгін арқалап тұрғандай. Адамзаттың ақыл-ойын баурап, ізгі мұраттарына айналған азаттық, тәуелсіздік, егемендік ұғымдары қандай киелі болса, сол мақсаттар нақты іске асқан қоғамда өмір сүру, оның жасампаздық әрекетіне тікелей қатысу соншалықты мақтаныш сезімін тудырады сөзсіз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ұлттық мүдделері ойға өзек етіп, егемендік биіктерінен ел ертеңіне көз салған "Тарих толқынында" кітабы көзі қарақты оқырманды бейтарап қалдырмасы анық. Түркі халықтары тарихының терең тамырларынан сыр тартқан Елбасының түркітану мәселелеріне ерекше мән беруі өткен күнді байыптап, болашаққа көз тіккен ұлтжанды мүддеден туындағанын аңғарамыз. Өйткені, егемендік алға тартқан рухани өрлеу ой-санаға алтын арқау болар осындай жана көзқарас жүйесіне, тың идеяларға қарап бағыт түзеуі ақиқат.

Жана мыңжылдықтың бастауында түркі халықтарының ғаламдық интеграцияға ұмтылуы қай кезгіден де күн тәртібіне шұғыл қойылып отыр. Ондай ықпалдастықтың болашақ құрылымына түркітану ғылымының жетістіктері негіз қалайды деп білеміз. ХХ ғасырдың көрнекті түркітанушысы А.Н.Кононовтың "Түркология – түркі тілдес халықтардың мәдениетін, әдебиетін, тарихын, тілін зерттейтін ғылымдар жиыны" деген анықтамасы бұл күнде барынша кең мағына ие болған. Елбасының бұл мәселені түркі халықтары дамуының стратегиялық міндеттерін айқындайтын саяси жүйедегі маңызды тетік ретінде қарастыруы түркітануға жаңа сипат, тың мазмұн береді.

Түркі тілдес халықтардың этникалық тегі евразиялық геосаяси кеңістікте қалыптасып, өркениетті елдермен ықпалдастықта олардың философиялық болмысын, этникалық санасын айқындады. Тарихтың бірнеше мыңжылдық дамуы барысында әлемдік аренада түркі өркениеті ұғымының қалыптасуын Н.Ә.Назарбаев олар "өз заманындағы дамудың шырқау биігіне көтерілді және жалпы адамзат өркениетін дамытудың белсенді де қуатты қозғаушысы болды" деп әділ түрде атап өткен [1].

Мындаған жылдық тарихта Евразияның Ұлы даласын мекендеген көшпенді тайпалар сақтар немесе ғұндар, скифтер немесе половецтер, оғыздар немесе қыпшақтар деп әр халықтың тілінде әр түрлі аталғанымен олардың бәрі де аз ғана тілдік диалектісі мен тұрмыс-салтында ерекшелігі бар бір халық еді. Ол халықтардың Тоныкөк, Күлтегін, Білге қағаннан бастап, Қорқыт Ата, Қожа Ахмет Ясауи сияқты пір тұтқан түркілік киелері аз емес.

Сондай-ақ "Алпамыс", "Көрүғлы" эпостары сияқты ортақ әдеби мұралардың да көп болуы рухани туыстықты бекіте түседі.

Тарихи даму барысында далалық көшпенділер өркениетінің технократтық отырықшы мәдениет алдында тізе бүгуі түркі халықтарының тағдырын қақпақылға салды. XVIII-XIX ғасырларда Ресейдің отарына айналды. Бірақ, сондай қиын кезеңдерде де түркілік сана-сезім сақталып қалды. Патшалы Ресейдің отары болған тұтас аймақ Түркістан деп аталды. Әйтсе де патша үкіметі бұл атаудың түркі халықтарын бірлікке шақыратын астарлы мағынасына мән бере қоймады. Тек, Кеңес үкіметі Т.Рысқұловтың Түрік Республикасын құру туралы идеясының аймақтағы Мәскеу билігіне қарсы тұратын өміршеңдігінен қауіп ойлап, 1924 жылы ұлттық-территориялық межелену арқылы Түркістан ұғымын саяси лексикадан алып тастауға тырысты. Кітапта Кеңес үкіметінің автономиялық құрылымды ұлттық-территориялық белгіге қарай құруға ұмтылуы – туыс халықтардың тілі мен мәдениетіндегі айырмашылықтарға баса мән беріп, оны саналы түрде тереңдетуінің аймақта әскери-саяси бақылауды күшейту мақсатын көздегендігі өте орынды атап көрсетілген [1, 258].

Патша үкіметінің панисламдық және пантүріктілік қозғалысты қудалау саясатын кеңестік жүйе одан ары жалғастырды. Бұл желеу саяси қуғын-сүргін жылдары Т.Рысқұлов, С.Қожанов, М.Тынышбаев, Н.Төреқұлов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов сияқты мыңдаған түрікшіл азаматтардың көзін жоюға сылтау болды. Осы кезде орыс ойшылы Н.Бердяев өз еңбектері арқылы дүниежүзілік аренаға герман нәсілінің орнына славян нәсілі келгенін жарнамалап жатты. Бірақ оны еш жер де, ешкім де, славяндықты дәріптегені үшін кінәлаған да жоқ [2].

Жаңа көзқарас тұрғысынан байыптағанда сталиндік ұлт саясаты түркі халықтарын ұлттық-территориялық бөлшектеумен бірге олардың бір-бірінен алшақтай түсуін жоспарлы іске асырғанын аңғарамыз. Индустриаландыру, коллективтендіру, социализм орнату кезеңдерінде және соғыстан кейінгі жылдары, "кемелденген социализм" дәуірлерінде ол халықтардың діні, салт-дәстүрлері, өзіндік болмысы жойылып бітуге айналды. "Өздерінің тарихи тағдырының қожасы болу мүмкіндігінен айырылған түрік халықтары ендігі жерде бір кездегі тасқында күш-жігерінің бірте-бірте азайып, таусылуына қарай мәдени-тарихи біртұтас ұқсастығын біржола жоғалтып алуына қарай лажсыздан бойұсынған еді" [1, 116].

Егемендік жағдайында Қазақстан өзінің даму бағдарламасын айқындап түркі тектес халқы барлық тұрғындарының 70 пайыздан астамын құраған мемлекет болды. Президент мемлекет саясатында ортақ мәдени-тарихи тағдырымызды терең сезіне білу өзге мәдени полюстерден біржола бөлек кету немесе ерекшеленіп шыға келу дегенді тіпті де білдірмейтінін ерекше атап айтады [1, 119]. Түркі тілді мемлекеттер болашаққа әр түрлі жолдармен қадам басты. Олардың таңдаған жолдарының дұрыстығын және оның маңызын тарих өзі бағалар. Дегенмен Түрік бірлестігі бірлігінің қажеттілігін барлық лидерлердің жете ұғынуы өте маңызды. Елбасы сондай-ақ Қытай, Ресей, Араб және Парсы елдерімен Түрік Елі түрінде көршілес болу керектігін, тек осылай ғана әлемдік өркениетке сіңісіп кетуге болатынын атап көрсетті.

Тарихи даму қисыны көрсеткендей, түрік халықтары жалпы адамзаттық өркениеттен окшау, дербес өмір сүрген емес. Олардың мәдениеті мен дүниетанымының дамуы ұлттық шекаралардың жоқ кезінде іске асқан еді. Қазір туыс елдердің өзара қарым-қатынас мәселелері күрделі жағдайда тұр (мысалы, виза, кеден, шекара күзеті т.б.). Европада деизоляция процесі жүріп жатса, Орталық Азия біршама уақыт тәуелсіз "дамудың балалық ауруымен" ауырды. Бұл құбылысты жою үшін де өкінішке орай ондаған жылдардың тәжірибесі керек болар. Осыған байланысты "Тарихтың қойын отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада және саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық әртүрлі тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай тұрмай іздестіруді" міндеттеу мемлекетаралық саясатқа айналуы тиіс [1, 120-121].

Қазіргі уақытта түркітануда мәдениет, тарих, әдебиет мәселелері бойынша түйіні шешілмеген проблемалар көп. Бір ғана мысал келтіре кетуге болады. Шумер және түркі тілдерінің туыстығы туралы концепция ұсынған Раулинсонның бір жарым ғасыр бұрынғы тұжырымы осы күнге дейін ғылыми негізделіп біткен жоқ. (Салыстырыңыз: Шумер тілінде Дингер, түркі тілінде Тәңір) [3]. Ал, оны зерттеу өте маңызды, өйткені түркі өркениеті адамзаттың ең көне мәдениеттерінен тамыр тартқан аса бай мұра. Бұл проблемалар ғалымдар, мәдениет қайраткерлері және саясатшылардың бір-бірімен тығыз байланыса, бірлесе іс жүргізуі нәтижесінде шешілетін. Түркологтар бұндай жұмыста маңызды роль атқаруы керек.

Кітаптың "Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттері және оның сабақтары" деген бөлімінде аймақта қалыптасқан саяси, экономикалық ахуалға байыпты талдау жасалған. Бүгінде көршілес түркі тілдес мемлекеттермен арадағы біршама қарама-қайшылықтар орын алып отыр. Әйтсе де, бұл қарама-қайшылықтарды объективті, шешілмейтін, түйіні қиын мәселе деп қарауға болмайды. Ол өтпелі кезеңде саяси-экономикалық партнерлер арасында болатын заңдылық. Бірақ оларды дер кезінде шешу қажет. Тәуелсіздіктің он жылдық тәжірибесі шешілмейтін проблемалар болмайтындығын көрсетіп берді. Ондай икемді саясат нәтижелері Өзбекстаннан электр энергиясының, көгілдір отынның жеткізілуі, Қазақстан арқылы жүк тасымалдау, Қырғызстанмен су ресурстарын пайдаланудың оңтайлы шешілу мысалдарынан анық көрінеді. Ендігі кезекте мемлекетаралық интеграция дамудың ең басты мақсаты болу керектігін өзі көрсетіп отыр.

Елбасының "өзгелерден іргені аулақ салу мәдени томаға тұйықтыққа және тоқырауға ұрындырмай қоймайды" деген тұжырымы [1, 122] жоғары дәрежелі кездесулердегі бастамашыл әрекеттерінде көрініс табады. Түркі тілдес мемлекеттердің арасында өзара қарым-қатынастың нығаюына мүмкіндік туғызады. Олардың мақсатты іс-әрекеттері, тегі, тілі, діні бір, мәдениеті тамырлас халықтардың рухани тұтастығын қалыптастыруға қызмет етуі тиіс. Осыған орай Елбасымыз Түркі проблемаларын оқып-үйрететін Халықаралық орталық құру, түркі халықтарының Энциклопедиясын жазуды ұсынады.

Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Н.Назарбаевтың ой-пікірлерінде көтерілген міндеттерді іске асыруда көптеген жұмыстар атқарып келеді. Түркі халықтарының ғылыми, мәдени байланыстарын дамытуды басты мақсат етіп белгілеген оқу орнында соңғы жылдары осы бағытта бірнеше халықаралық симпозиумдар өткізілді. Түркология ғылыми-зерттеу институты жұмыс істей бастағалы да біршама уақыт болды. Қазақстанның рухани орталығы Түркістандағы ғылым ордасы қазіргі заманға сай білім беру техникасымен (интернет, видеоконференцзал) жабдықталған, оның ғылыми потенциалы жедел артып келеді. Қазірдің өзінде түркі тілдес елдердің ғалымдары, аспиранттары мен студенттері келіп тәжірибе алмасуда. Олардың Түркістан қаласына ерекше құрметпен қарайтындығын атап айтуымыз қажет.

Түркология ғылыми-зерттеу институты тарих саласы бойынша, Қаратау өңірі мен Сыр бойындағы елді мекендер және көне қалалардың орнына археологиялық зерттеу жүргізу, түркі халықтарының ортақ тарихына арналған еңбектер, құжаттар, қолжазбалар, жазба ескерткіштерді жинап, ғылыми зерттеу жобалары қолға алынды.

Тіл және әдебиет саласы бойынша да ғалымдар ортақ әдебиет үлгілері мен эпостарын, фольклорын зерттегенде түркі халықтарының тұтастығын басты бағдар етіп алуда. Сонымен латын графикасының негіздерін жете зерттеу, ендіру тәсілі, көне қазіргі түркі тілдерінің сөздіктерін жасау сияқты кешенді ғылыми бағдарламалар да сөзсіз осы жерде іске асырылуы тиіс. Мәскеу мен Санкт-Петербургтің Түркологиялық орталықтарымен, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркияның ғылыми мекемелерімен байланыс орнатқан институт түркілік идеялардан туындаған көптеген ғылыми тақырыптар бойынша жұмыс жүргізілуде. Ол ғылыми зерттеу жобаларға К.Мұсаев, И.Л.Кызласов сияқты белгілі түркологтар тартылуда. ЮНЕСКО-ның қаржыландыруымен "Орталық Азияның діни орталықтары" атты атлас, шығармалар жарық көрмекші. Сол сияқты, институт қызметкерлерінің қатысуымен аса құнды ортағасырлық мәдени мұра "Кодекс-куманикус" еңбегінің толық нұсқасы басылымға дарияланды. "Түркі тілдері" энциклопедиясы да қазақ тіліне аударылу үстінде. Қ.А.Яссауидің шәкірті Мұхаммед Данышманд Зарнуқидың шығармасы "Мират-уль Қулуб", атақты Ясауи тариқатының тарихын жазған Хазинидің "Жами аль-Муршидин" кітабы Венада жарық көрді. Сондай-ақ, "Оңтүстік Қазақстанға исламның таралу тарихы" атты монография баспаға ұсынылды. Түркология институты атқарып жатқан жұмыстарға шетелдік ғалымдар зор қызығушылық танытып отыр. Институт қызметкерлері Швейцарияның Берн университетімен бірлесіп "Ортағасырлық ислам авторлары" атты ғылыми жоба бойынша "Маулана Сафи ад-Дин Орұн Қолайқы "Насаб-намасы" атты тақырыпта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Университеттің Новосибирск ғылыми мекемелерімен бірлесіп жүргізген жұмыстарының нәтижесінде "Раннепалеолитические микроиндустриальные комплексы в травертинах Южного Казахстана" атты іргелі еңбек жарық көрді.

Институтқа түркі елдері проблемаларын зерттейтін Халықаралық Орталық мәртебесі берілер болса, саясат, экономика, құқық салаларын теориялық және практикалық тұрғыдан да кең түрде зерттеулерге жол

ашылар еді. Ондай зерттеулерде түркі тілді мемлекеттер дамуының старгиялық бағыттарын белгілеуге қызмет жасайтын кешенді ғылыми мақсаттар іске асырылары сөзсіз. Ең бастысы қаланың түркі халықтарының ата қонысы ретіндегі рухани біріктірушілік негізін жоққа шығаруға болмайды. Кеңес Одағы ыдырағанға дейін түркологияға байланысты конференциялар, конгрестер өткізіліп, “Түркология” журналы шығып тұратын. 1992 жылы Қазанда өткен 6-шы Халықаралық Түркологиялық конференциясының ұсынысында барлық әлем түркологтарының ассоциациясын құру қажеттілігі, түркілер тарихын дағындау, “Түркология” журналының сақталуы барлық түркі тілдес халықтар жазуының бірыңғай латын әліпбиіне көшуі туралы мәселелер атап көрсетілген еді. Бүкіл түркі өркениетіне ортақ бұл ұсыныстар әлі күнге маңыздылығын жойған жоқ. Бұндай киелі міндеттерді жоғарыдағы аталған халықаралық орталыққа жүктеуге болар еді.

Бүгінгі күнгі түркі халықтарының мәдени-саяси тұтастығы үшін ғана емес, әлемдік өркениетпен етене араласуы үшін делатын әліпбиіне көшудің қажеттілігі және артықшылығына шек келтіруге болмайды. Түркі тілдес мемлекеттермен тығыз бірлікте жұмыс жүргізетін біздің университет бұл мәселенің өте зәрулігін күнделікті қызметінде айқын сезінуде. Бұл мәселені еш бұлтасыз бірден шешу мүмкін еместігі белгілі. Дегенмен, оны кешеуілдетуге тағы болмайды. Туыс елдердің тәжірибесін қолданып, он жыл ішінде орта мектепті толық латын әліпбиіне көшіруге болады. Бұл кезеңде мемлекеттік мекемелердің де латын әліпбиіне оту жұмысы қоса-қабат жүргізілуі керек. Сонымен бірге кириллица жазу үлгісін сақтау да өте маңызды. Екі әліпбиді қатар жүру принципіне басқа халықтар тәжірибесінде орныққан жағдай. Мысалы, немістерде екі жазу қатар жүреді, протестант елдерінде – гот, католик елдерінде – латын жазуы қолданылады. Сондай-ақ, жапондар катаган және кираган деп аталатын жазудың екі жүйесін пайдаланады.

Әліпби ауыстыруды іске асыру үшін мемлекеттік комиссия құрылып, бағдарлама жасалса, 1920-1940 жылдардағы миллиондаған халық сауатсыз болып қалған әліпби ауыстырудың сәтсіз тәжірибесі қайталанбас еді.

Қазіргі жағдайдағы баса назар аударатын маңызды мәселенің бірі дінге көзқарас болуы керек. Осы мәселеге байланысты Қ.А.Яссауи және оның шәкірттері қалыптастырған діни-дүниетанымдық көзқарас жүйесін зерттеу аса маңызды болып отыр. Түркі-ислам өркениетінде Яссауидің ілімін зерттейтін бірден-бір орталық ретінде университетімізде оның бай мұрасы мен рухани ықпалына баса көңіл бөлінуде. Университет ғалымдары Яссауи ілімінің ұлтты ұйымдастыру және мемлекеттік құрылым түзудегі маңызды рөлі туралы ғылыми тұжырым негіздеді. Ал, Елбасының “Қ.А.Яссауи ілімі Қазақ хандығының құрылуы, қазақ халқының қалыптасуының бастау кезеңінде тұрумен құнды” [1, 279] деген сөздері ұлттық тарихымызды тануда жаңа ғылыми концепцияның дамуына жол ашады деп білеміз. Университет құрамындағы Түркология институтының басты тақырыптарының біріне айналған Яссауи ілімі барлық түркі халықтарына ортақ қазына, ол әлемдік ақыл-ойды гуманистік негіздермен байытқан асыл мұра ретінде алдағы уақытта барынша кең ауқымды зерттеле бермек.

Түркі халықтарының ислам дінін қабылдауында бірқатар елеулі өзгешеліктер бар. Олар ислам дінінің негізгі қағидаларына қайшы келмейді. Тәңірге табынған түркілік нанымды ислам дінінің алмастыруы шейх-Азрет сұлтан Әл-Арифин (ғалымдар мен білімдарлар сұлтаны) - Қожа Ахмет Яссауидің есіміне тікелей байланысты. Ол іргетасын қалаған діни-рухани мектептің Сүлеймен Бақырғаниден бастап, Қожа Бектеш, Асан Қайғы, Бекет Ата сияқты өкілдері ұлттың рухани ұстаздарына айналды. Олардың шығармашылық мұрасы, азаматтық өнегесі діни қағидалармен атасып, ұлттық сананың қалыптасуына ұйтқы болды. Сондықтан, түркі халықтары арасындағы ислам дінінің араб, парсы елдеріндегі ислам дінінен ерекшеліктері бар. Ұлт бірлігіне қызмет ететін фактор ретінде ондай ерекшелікті сақтап қалу аса маңызды міндет.

Түркологтардың алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі – халықтың тарихи жадын жаңғырту. Белгілі түрколог К.Мұсаев түркі тілдерінің "суффикс-аффикстеріне" ерекше көңіл аудару емес, түркілер тарихының бүкіл жер шарын қамтитын жалпы мәселелермен айналысу маңызды мәселе екенін атап көрсетеді [4]. Сондықтан, көне тарихымыз бойынша Ресей, Қытай, Үндістан, Монғолия т.б. елдерде сақталған бай тарихи мұраларды игілікке жаратудың маңызы зор. Біздің зерттеушілер қазір осы мақсатта Қытай, Түркия ғылыми мекемелерімен бірлесе жұмыс жүргізуде.

Түркология ғылымында түркі тарихы бойынша бірнеше ғылыми концепция қалыптасқан. Біріншілері түркілерді тұтас территорияны мекендеген бір ұлт ретінде қарастырып, олардың көптілдігін диалектілік ерекшеліктер деп есептейді. Ал, екінші бағытты қолдаушылар түркілік-этникалық бірлікті жоққа шығарып, түрік атауын бір ғана этносқа телиді. Ал белгілі ғалымдар Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. түркі тайпаларының тарихи тағдырының ұқсастығы туралы тезисті қолдайды, сонымен бірге олардың тұтастығы туралы пікірді мойындамайды [5]. Біздің ойымызша, түркология ғылымында түркілердің ортақ тарихы, тілдері, мәдениеті арнайы зерттелуі керек. Бұл жерде үлкен этностың түп-тамырының бірлігі өзгермейтін нысана болуы тиіс. Солай бола тұрғанымен бұл әрекет бір мемлекеттік бірлестік құруға ұмтылу емес екендігін естен шығармау керек. Н.Ә.Назарбаев аталған сңбегінде бұл мәселені түркілердің жалпы әдеби және этникалық, діни түп-тамырларын ғылыми талдау бойынша байыпты зерделеу арқылы айқындау керектігін атап көрсеткен болатын. Бұл жағдай көне түркі жазуын бір ғана халықтың мұрасы ретінде қарастырып, сонымен бірге оның мәдени-өркениетті құбылыс ретіндегі басқа халықтарға тигізген сан қырлы ықпалын түсінуге септігі тиеді. Осы күнде көпшіліктің түркі халықтары туралы түсінігі "тілі", "діні", "ділі бір" деген ұғымдармен ғана шектеледі. Бұндай білімсіздікке төзуге болмайды. Ол олқылықтардың орнын толтыру үшін түркі халықтарының әдебиеті, тарихы, философиясы бойынша ғылыми-танымдық кітапшалар шығарудан бастап, басқа да кешенді насихаттық шаралар атқарылуы керек. Тіліміздің, тарихымыздың түп тамыры бір екендігін тануымыз, тануымыз үшін мемлекетаралық үйлестірілген бағдарлы жұмыстар қолға алынуы тиіс.

Қазіргі кезде түркі халықтарының бірлігі идеясын жаңғырту үшін не істеу керек? – деген сауалға өмірдің өзі жауабын тосып отыр. Ол үшін ортақ

түсінік, ортақ тарих, ортақ білім беру, ортақ саясат қажет. “Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды”. Ал, Түркі мемлекеттерінің саммиті осындай интеграциялық процестерді негіздеуге ықпал жасауда. Жақында Түркияда өткен басқосудың қорытындылары түркілік бірліктің тағы да көз жеткізді.

Университетімізде түркі елдерінің мәдени рухани байланысын нығайтудың игі бастамалары бар. Ең бастысы, түркілік рухтың жас ұрпаққа білім мен тәрбие арқылы берілуіне көңіл бөлінуде. Университеттің оқу бағдарламаларында түркі халықтарының әдебиеті мен тарихын, тілі мен мәдениетін оқытуға баса көңіл бөлінсе, тәрбиелік шараларда ол халықтардың музыкасы мен өнерін, салт-дәстүрлерін насихаттау дәстүрлі жұмыстар болып табылады. Сол сияқты діни-дүниетанымдық көзқарас пен имандылық қасиеттерді жас ұрпақ бойына сіңіру олардың интернеттік жүйеде ақпарат алу технологиясымен ұласып қандай да болса діни фанатизмге, экстремизмге бой алдырмайтын, саналы азаматтық көзқарасына негіз қалайды. Елбасының “Қаіргі түркі әлемі уақыт өткен сайын өзара тығыз бірлесе түсіп, өздерінің мәдени мол мүмкіндіктерін танытуға тиіс” деген пікірін іске асыру университеттің басты міндеттерінің біріне айналып отыр.

Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы кезінде Университетімізде “Қазақстан және түркі әлемі тарихы мен рухани дүниесіндегі Түркістан және Қ.А.Яссауи атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Онда Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неджет Сезердің сөйлген сөздерінде Түркістан қаласының тарихи рөліне ерекше мән берілді. Түркі халықтарының тәуелсіздігі үшін күрескен аса көрнекті қайраткер М.Шоқайдың сүйегін тәуелсіз отанына, Қ.А.Яссауиден бергі ұлы бабаларының жанына әкеліп қайта жерлеу де осы шаралардың аясында іске асырылатын ұлттық мақсаттардың бірі. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының кезекті Құрылтайының Түркістанда өтуі де қаланың тарихи маңызын арттыра түсетін оқиға болды.

Қазіргі кезде “түркі-ислам өркениеті” деген атауға ие болып отырған тарихи құбылыстың мәні айқын. Ал “түркі-ислам әлемнің Батыс мемлекеттері, Араб-Иран әлемі, Ресей, Қытай сияқты мәдени-өркениет кешендерінің арасындағы байланысты қамтамасыз етудегі” [1, 119] қызметі орасан зор. Ол міндеттерді ұғына білу бір басқа да, оны іске асыру екінші мәселе. Оны іске асырудың негізінде түркішілдік көзқарас жұмылдырушылық қызмет атқаруы тиіс. Кеңестік ойлау стереотипінен арылмаған кейбір зиялыларымыз “пантүркішілдік иісі аңқып тұр” деп бұл көзқарастан ат-тонын ала қашуға бейім. Ал, шындығында отаршыл саясат барынша құбыжық етіп көрсеткен “панислам”, “пантюркизм” дегеннің бәрі-түркішілдік қозғалысы екендігі айқын. Ол ұғым ғылыми-дүниетанымдық көзқарастар жүйесіндегі құптары қалың рухани құбылыс. Түркішілдік дегеніміз – ең алдымен ұлт ретінде қазақты, одан соң барып тегі бір түркілікті құрметтеу арқылы саяси-мәдени евразиялық биіктен жалпы адамзаттық өркениетке қол созу болып табылады. Демек, түркішілдік И.Гаспралы, Зия Гөкалып, М.Шоқайдың ғана мұрасы емес, немесе қазақ пен

түріктің ғана еншісі емес. Ол биік гуманитарлық мұраттарға негізделген жалпыадамзаттық құндылық. Ендеше біз одан неге бас тартуымыз керек?. Сірә, осындай жалтақтықпен бірге көне түркі халықтарының қонақжай, көршіге қол ұшын созған ақ қоңыл, рахымшыл менталитеті саясатта өзге ұлт өкілдерінің тым еркінсінуіне негіз болып келген жоқ па? Түркі тілді мемлекеттер әскери одақ құрып, өзгелерге қауіп төндіруге мүдделі емес. Түркі халықтарының жері тек түркілерге деген мазмұнда ұран да көтермейді. Нәсілшілдікті де қоздырмайды. Оның есесіне славяндардың "Лад" сияқты қозғалысы Қазақстанда мемлекеттік саясатқа ықпал жасауға ұмтылады. Бұл жалқы факті емес, оның ар жағында басқа да астам пиғылды ұлттық топтардың мүддесін көздеген қозғалыс, ұйым, партиялар бар. Осындай жағдайда "түркі-ислам әлімінің" өзге мәдениет-өркениет кешендерінің арасындағы байланыстырушылық міндетін іске асырумен бірге супердержавалық мүдделер тайталасында жұтылып кетпеу үшін де жалпы түркілік бірліктің қажеттігі туындайды. Ол бірлік туыс мемлекеттердің барлық мүдделеріне жауап беретіндей жан-жақты сипатта болуымен маңызды.

Ал, жалпытүркілік бірлік идеясы Түркістан атауымен тығыз байланысты. XX ғасырдың бас кезіндегі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының мәні отарлық езгіге қарсы тәуелсіздік үшін түркі халықтарының ұлт-азаттық күресімен сипатталатын еді. Жана мыңжылдықтағы түркі халықтарының бірлігі идеясының ту етіп көтеретін Түркістан қозғалысының мақсаты мүлдем басқа. Ол міндет – суперэтностардың жан-жақты ықпалына төтеп беріп, ғаламдық мәдени-өркениеттер кешені арасында терезесі тең саясат жүргізу үшін түркілік негізде бірігу болмақ. Осы міндеттерді іске асыру үшін Түркістан қозғалысы қанат жайса оның бүкіл түркі халықтары арасынан қолдау тауып, әлемдік саясатта өз бағыт-бағдары бар қазіргі заманғы қуатты күшке айналары сөзсіз. Ұлт мүддесін қақпақылға салғысы келетін саяси күштердің арасалмағын реттеп, ішкі саясатта тұрақтылық қалыптастыруда Елбасының саясатына қолдау жасайтын бұл бұқаралық қозғалыс халықаралық деңгейде де өзінің нақты бастамшыл, бейбіт әрекеттерімен өз қуатын таныта алар еді.

"Тарих толқынында" көтерілген идеялар талай ойларға өзек болып, талай игі істерге негіз қалайтындығы сөзсіз. Ол алдағы күннің еншісі деп білеміз.

Елбасымыз ұлықтаған ұлттық рух пен бірліктің мерейі үстем бола бергей!



## ӘДЕБИЕТТЕР

10. Н.Ә.Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы, Атамұра, 1999, 104-б.
11. Н.Бердяев Судьба России. М.,1990. С.126.
12. Емельянов Е.Е. Древний Шумер. Санкт-Петербург. 2001. С.27-28
13. 1992 жылы Қазанда өткен Халықаралық конференциясының материалдары. I том, 14-б.
14. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Санкт-Петербург, 2000. С.6.